

**«Тайтөбе жалпы білім беретін мектебі» КММ**

**Педагог-психологтың  
2025-2026 оқу жылында атқарылған  
жұмыстарының жылдық есебі**

**Педагог-психолог: Кемелова А.Б.**

**Арингазина Д.Д**

## «Тайтөбе ауылының ЖОББ мектебі» КММ

### 2025 – 2026 оқу жылындағы психологиялық қызметтің I жартыжылдық есебі

Психолог қызмет 2025 –2026 оқу жылында тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін және балалардың эмоционалдық оңдылығы мен психофизикалық денсаулығын сақтаудың талаптарын қамтамасыз ететін дамытудың жағымды әлеуметтік ортасын қалыптастыруда педагогтарға, ата-аналарға, әкімшілікке көмек көрсету мақсатында жылдық жоспар жасалып, мектеп басшымен бекітілді.

Жыл бойы психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес оқушылардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру, дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау, индивидуалды және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру, оқушылардың көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу және педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, ақыл-кеңестерімен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру бойынша жұмыстар жүргізіліп отырды.

Жылдық жоспарға сәйкес оқу жылы басында мектепшілік ата-аналар жиналыстары өтілді, жиналыс барысында психологиялық қызметтің оқушылармен жүргізілетін жұмыстарымен және берілетін психологиялық көмектері туралы айтылып, психологиялық қызметтің бұйрығы және келісім қағаздарымен таныстырылды.

Жалпы мектеп бойынша психологиялық қолдау көрсету қызметіне келіскен және қарсы оқушылар туралы ақпарат төмендегідей орын алды.

Сынып комплектісі	Жалпы оқушы саны	Психологиялық көмек көрсету қызметіне келіскені	Психологиялық көмек көрсету қызметіне қарсы
33	776	702	40

#### Диагностикалық бағыттар бойынша өткізілген жұмыстар қорытындысы

Психологиялық қызметінің жұмысының диагностика, түзету-дамыту жұмысы, алдын- алу ағарту жұмысы, кеңес беру, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарының негізгі бес бағыты бойынша жүзеге асырылатын жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес өтіліп, қорытындысы бойынша жұмыстар өз мерзімінде өтіліп отырды. Жалпы (АСПІМ) платформасында жалпы сыныптармен 12 әдістеме жүргізіліп, 633 оқушы қамтылды.

Қыркүйек айының 3–4 аптасында 1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында Керн–Йирасек әдісі қолданылды. Зерттеуге 71 оқушы қатысты. Нәтижесінде оқушылардың 45,1%-ы жоғары, 45,1%-ы орташа деңгей көрсетіп, жалпы алғанда 90,2% білім алушының мектепке психологиялық дайындығы қалыпты екені анықталды. Тек 9,8% оқушыда төмен деңгей байқалды.

Зерттеу қорытындылары 1-сынып оқушыларының басым бөлігінің мектеп өміріне сәтті бейімделіп жатқанын көрсетеді. Төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жоспарланып, сынып жетекшілері мен ата-аналармен бірлескен бақылау жүргізу ұсынылды.

#### Әдістеме қорытындысы:

Деңгей	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
Жоғары оқу мотивациясы	32 оқушы	45,1 %
Орташа деңгей	32 оқушы	45,1 %
Төмен деңгей	7 оқушы	9,8 %

22 қыркүйекте 1-сынып оқушыларына арналған «Мен – оқушымын» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің негізгі мақсаты – оқушылардың мектеп өміріне бейімделуін қолдау, өз-өзіне сенімділігін арттыру және сынып ұжымында жағымды қарым-қатынас қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында балалар түрлі ойындар мен шығармашылық тапсырмаларға белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізе алды. «Мектеп деген не?» ой бөлісу кезеңі оқушылардың мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға ықпал етсе, қимыл-қозғалыс және сурет салу тапсырмалары эмоционалдық жай-күйін жақсартты.


Тренинг нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артты, өзара қарым-қатынасы нығайды және мектепке деген қызығушылығы мен сенімділігі жоғарылады. Іс-шара мақсаты толық орындалып, 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу үдерісіне оң әсер етті.



13–20 қазан аралығында Л.Н. Лускановтың «Оқу мотивациясының деңгейін бағалау» сауалнамасы жүргізілді. Зерттеуге 1,2,3,4 -сынып оқушылары қатысты. Жалпы 310 оқушының 259-і диагностикаға қатысты, 8 оқушы түрлі себептермен қатысудан бас тартты. Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың 26%-ында мектептегі мотивация мен оқу белсенділігінің жоғары деңгейі, 37%-ында жақсы оқу мотивациясы анықталды. Яғни, жалпы алғанда оқушылардың 62%-ы мектепке және оқуға жағымды, тұрақты мотивацияға ие. Сонымен қатар, 20% оқушыда мотивацияның орташа деңгейі байқалса, 7%-ында оқу мотивациясының төмендігі анықталды. Мектепке бейімсіздік пен теріс көзқарас тек 9 оқушыда (3,5%) ғана тіркелді.


Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының басым бөлігінде оқу мотивациясы қалыптасқанын және мектепке деген оң көзқарас басым екенін көрсетті. Дегенмен, мотивациясы төмен және орташа деңгейдегі оқушылармен жеке және топтық психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі анықталды.

**Л.Н. Лускановтың «Оқу мотивациясының деңгейін бағалау» сауалнамасының қорытынды диаграммасы**





Қазан айының бірінші аптасында оқушылардың мектепке, оқуға деген мотивациясын анықтау және ағартушылық жұмыстар жүргізу мақсатында ПӘПЖА (АСПМ) платформасы арқылы 4, 5, 6 – сынып оқушыларынан «Л.Н.Лусканов: Оқу мотивациясының деңгейін бағалау» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды. Қорытындысы бойынша оқудың төмен мотивациясы және мектепке деген теріс көзқарас, мектепке бейімсіздену деңгейін көрсеткен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді.


**5-11 сынып оқушыларынан Д. Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы 23 қыркүйекте алынды.**



**Оқу мотивация деңгейін бағалау 5- сыныптардан 15 қазан айында сауалнамасы алынды.**



## 7-10 Орта және жоғары мектепте оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау әдістемесі





22 қазанда «Өркен» бағдарламасы аясында «Менің сезімдерім» тақырыбы бойынша 1-сынып оқушыларына арналған түзету-дамытушылық психологиялық сағаты өткізілді. Психологиялық сабаққа 73 оқушы қатысты. Іс-шараның мақсаты балалардың сезімдері мен эмоциялары туралы түсінігін қалыптастыру, өз эмоциясын дұрыс білдіру және өзара мейірімді қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту болды. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, сезімдерін қимыл, бет-әлпет және сөз арқылы жеткізе алды. Көпшілік оқушылар эмоция түрлерін дұрыс ажыратып, өз пікірін еркін білдірді. Бастапқыда ұялшақтық танытқан кейбір балалар топтық жұмыс пен ойын элементтері арқылы белсенділік көрсетті. Қорытындысында сабақ эмоционалды жағымды ортада өтіп, қойылған түзету-дамытушылық мақсаттарға толықтай жетті.


### Психологиялық сағат барысынан





**10-15 қараша айында 10-11 сыныптардан Д. РАССЕЛ ЖӘНЕ М. ФЕРГЮСОННЫҢ СУБЪЕКТИВТІ ЖАЛҒЫЗДЫҚ СЕЗІМІ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**



**10-15 қараша айында 5-11 сынып оқушыларына арналған «Саған қалай қарайды?» сауалнамасы (анонимді)**




Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығының деңгейіне кибербуллинг маркерлерінің әсерін бағалау әдістемесі (авторы Ракишева Г.М.)



10–14 қараша аралығында 2, 3, 4-сынып оқушылары арасында баланың өміріндегі зорлық-зомбылықтың әртүрлі салаларда бар-жоғын анықтау мақсатында анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға бастауыш сыныптар бойынша барлығы 234 оқушы қамтылды.

Зерттеуге 201 оқушы қатысып, 33 оқушы түрлі себептерге байланысты сауалнамаға қатысқан жоқ. Анонимді формат балалардың өз ойларын еркін білдіруіне мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер профилактикалық және психологиялық қолдау жұмыстарын жоспарлауға негіз болды. Сауалнама нәтижесі бойынша, бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі (90%-дан астамы) өздерін үйде де, мектепте де жайлы сезінетінін, ата-аналары мен мұғалімдерінің оларға мейіріммен және түсіністікпен қарайтынын атап өткен. Алайда аз ғана бөлігі (шамамен 5–8%) кейде үйде немесе мектепте көңілсіз, қорқынышты сезінетінін, кей жағдайда айқай еститінін немесе ренжітетін сөздер еститінін білдірген. Бұл балалармен жеке әңгімелесу, психологиялық қолдау көрсету, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет екенін көрсетті.

### «Саған қалай қарайды?» сауалнамасының диаграммасы



12–17 қараша аралығында «Ағаштағы орныңыз қайсы?» өзін-өзі бағалаудың проективтік әдістемесі бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 298 оқушы қатысты. Зерттеудің негізгі мақсаты – оқушылардың мектепке бейімделу процесінің ерекшеліктерін жедел анықтау және баланың мүмкін болатын психологиялық қиындықтарын ерте кезеңде байқау болды.

Әдістеме нәтижелері оқушылардың өзін-өзі қабылдау деңгейін, сыныптағы орнын сезінуін және эмоционалдық жай-күйін бағалауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер бейімделуінде қиындықтары бар оқушыларды анықтауға және олармен жүргізілетін жеке психологиялық қолдау жұмыстарын жоспарлауға негіз болды.

Қатысты	Қатыспағаны	Қауіпсіз аймақ	Орташа қауіпті аймақ	Қауіпті аймақ
298	12 / 8 ППҚ қарсы	30%	6%	0,6%

### 8-12 желтоқсан айларында 5-11 сыныптардан Жасөспірімдердің әл-ауқатының шкаласы, авторы Кэрол Рифф Психо-эмоционалды жағдай




### Профилактикалық ағартушылық бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар

Жасөспірімдер арасында зорлық - зомбылықтың (тұрмыстық) алдын алу жұмыстары бойынша жоспарға сәйкес өтілді. Жұмыс барысында 5-11 сынып оқушыларынан жасырын сауалнама алынып, қорытындысы бойынша мерзімінде есептер берілді. Сонымен қатар сыныптарда «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Мен зорлық - зомбылыққа қарсымын», «Зиянды заттардан аулақ бол» т.б. тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер, тренингтер өткізілді.



Балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелері бойынша 8, 9, 10, 11 сыныптар арасында «Өмір маған қымбатсың!» тренингі өтілді. Тренинг барысында позитивті көзқарасты дамыту, рефлексияның дамуы, білім алушылардың сенімділік сезімін арттыруға бағытталған ойын – жаттығулары жүргізіліп, оқушылар көңілінен шығып жатты.



Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында жас мамандарға арналған психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында жас мамандардан сауалнама алынып, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеруге бағытталған түрлі жаттығулар жүргізілді.



25-30 қараша күндері аралығында 1 -сынып оқушыларымен бастауыш сынып оқушыларының ойлау, зейін, есте сақтау қаблеттерін дамыту, оқушыларға әрқашан адамға білім керектігін түсіндіру, қоршаған ортада да білімсіз жүру мүмкін еместігіне көз жеткізе



білу мақсатында «Мен оқушымын» тақырыбында психологиялық дамытушы сабақтар өтілді. Сабақтар барысында қатысушылар арасында байланыс орнату мақсатында «Сәлем айт» жаттығуы жүргізілді. Сонымен қатар кез келген буыннан «Сөз жаса» ойыны, АКТ пайдаланып ойлау қабілетін дамыту мақсатында «Төртінші артық» оқушылардың шығармашылық қабілетінің диагностикасы арттыру мақсатында «Өз ойыңнан сурет сал» әдістемесін жүргізіп фигуралардан ерекше бір заттың суретіне айналдыру тапсырмасы беріліп, нәтижесімен бөлісті. Сабақ соңында оқушылар «Мен дарындымын» тақырыбында «Менің қолымнан бәрі де келеді... », «Мен бүгіннен бастап... » сөйлемді аяқтау рефлексиясымен қорытындыланды

Оқушыларға компьютерлік ойындардың зияны және интернетке тәуелділік туралы түсінік беру мақсатында АКТ пайдаланып «Компьютерлік ойындар маған қалай әсер етті?» балаларға арналған видеоролик көрсетіліп, ғаламтордың зияны мен пайдасы туралы оқушылардың көз қарасын білу және бөлісу мақсатында топтық жұмыстар жүргізілді. Топтық жұмыстар барысында оқушылар өз ойларын ашық, еркін жеткізіп, ойларымен бөлісті. Сабақ барысында балалардың күн өткен сайын компьютерлік ойындарға деген тәуелділігі көбейіп бара жатқаны теледидар мен компьютерлік ойындардың бала санасына тигізетін зияны туралы айтып, ұзақ уақыт көгілдір экран алдында отыру, біріншіден, баланың ой-өрісінің дамуын шектесе, екіншіден, оның мінез-құлқының өзгеруіне әсер ететінін айтылып, кеңестер берілді.




Қосшы қаласы білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 02-14 желтоқсан аралығын қамтыған психологиялық қызметтің «Сиқырлы әлем» тақырыбында онкүндігі өткізілді. Онкүндіктің психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін арттыру, жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, аутоагрессияның алдын алу мақсаттарына бағытталды.

Онкүндік барысында «Шаттық сыйла», «Біз біргеміз» акциялары ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге жарияланды.

Әр күні мақсаттарға негізделген тақырыптар бойынша «Chocolate day» акциясы, «Жағымсыз сезімдерді, позитивті сезімдерге айналдыр», «Өзгеруге бір қадам» тренингтері, «Ең мейірімді адам», «Мені ата – анам не үшін жақсы көреді?» челленждері т.б. қызықты да танымдық іс-шаралары өткізілді. Онкүндік өте жылы жағдайда өтіп, білім алушылар мен мектеп ұжымы жақсы әсерге бөленді.




Сонымен қатар мектептің жылдық жоспарына сәйкес директор жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес, сынып жетекшілер отырыстарында, мектепшілік, сыныпшілік ата-аналар жиналыстарында тыңдалатын мәселер бойынша жоспарланған жұмыстар мерзімінде өтіліп, жүргізілген жұмыстардың қорытынды есептері берілді.



Қаңтар айында 1-4 сынып оқушыларынан сыныптың қарым - қатынас жағдайын анықтау мақсатында «Бастапқы буын» социометриясы диагностика жүргізілді. Қорытындысы бойынша сынып жетекшілерге кеңестер беріліп, «Достық пен татулық – тапсырмас бақыт» тақырыбында тренинг жүргізілді.

10-11 сыныптардан Шмишек-Леннард мінез -құлықты анықтайтын сауалнама алынды.



Алынған сауаланамаға анықтама жазылып шыққан қорытындысы бойынша әр оқушымен жеке әңгіме өткізілді. Сынып жетекшілеріне ұсыныстар айтылды.






8-9 сыныптармен агрессияға қарсы жаттығулар өткізілді. Оқушылар ішіндегі эмоцияларын шығара білді.

Экстремизм және терроризм насихаттауға қарсы тұруға ішкі саясаттан түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Ақпан айында «Дос болайық» апталығы өтті. Мектеп барлығы өте жақсы қатысты. Мектеп ішілік жәрмеңке өткізілді.





12 – 14 ақпан аралығында 2-3 сынып оқушыларының қатысуымен оқушыларды компьютерлік ойындардың зиянды салдарымен таныстыру, интернетке тәуелділік туралы түсінік беру мақсатында «Мен ерекше тұлғамын» тренингісі өтілді. Тренинг барсында сыныптастар тобында тұлғалық қарым-қатынас нысандары мен дағдыларын, өзара түсіністік тәсілдерін дамыту, көмектесу, өзі туралы басқалардың ойын, өзі өзін бағалауын жоғарлату мақсатында "Жылы құшақ", "Мен дәл сен сияқтымын", "Теледидарды қосу", "Ойыншықтар дүкені", Портрет, "Ашық шам" жаттығуылары жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар өздері және сыныптастары туралы ақпараттар мен ортақ қызығушылықтары бар екендіктерін біліп, ой бөлісті. Жалпы оқушылар тренингтерге белсене қатысты.



Наурыз айында 2, 4 – сынып оқушыларының отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасындағы зорлық зомбылыққа жол бермеу, құқықты түсіндіру мақсатында ағартушылық профилактикалық бағыт бойынша Отбасы - зорлық - зомбылықсыз балалық шақ « Отбасы суреті» (В.Вульф) алынып, оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беріліп, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтылып, оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуі туралы кеңестер берілді.



Наурыз айында Психологиялық клубпен «Өзгеден табылмайтын өз мінезім» атты тренинг өткізілді. Тренингте оқушылар ашыла білді, өз ойларын ашық айтты. Тренинг өз мақсатына жетті.







Сәуір айында 1- сынып оқушыларының мектепке икемделу деңгейін, икемделуінде қиындықтары бар балаларды анықтау, баланың мұғаліммен қарым-қатынасының, құрдастар тобындағы әлеуметтік жағдайының қолайлы болуына жағдай жасау мақсатында «Маған мектепте не ұнайды?» тақырыбында сурет салдырып, оқушылардың жұмыстары зерделенді. Қорытындысы бойынша оқушы мектепке теріс көзқараста оқушы анықталмады.



9,10-11 Сынып оқушыларымен «Өмірлік мақсаттарды белгілеу және оларға жету дағдыларын жетілдіру» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілермен сұхбат өткізілді.



Наурыз айында 9-10,11 сыныптардан Айзенк тестін алынды. Тестін қорытындысы бойынша оқушылармен жұмыс жасалды. Буллингке мектеп оқушылары АСППМ бағдарламасы арқылы барлығы түгел жасырын тест өтті.





Сынып жетекшілерге ұсыныс айтылды. Жыныстық қолсұғұлмаушылықтың алдын алу бойынша арнайы мамандары



Бастауыш 4 - сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау мақсатында АСПІМ платформасында «Э.Ф.Замбацявичененің бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтаудың стандартталған әдістемесі» жүргізілді. Бастауыш сыныптан ортанғы буынға көшу дайындығын зерделеу мақсатында «Мен болашақ бесінші сынып оқушысымын» тақырыбында тренинг жүргізілді. 4- сынып оқушыларының орта буынға бейімделуінде ешқандай кедергі жоқ. Оқушылардың тұлғалық және психикалық дамуында ауытқушылық анықталған жоқ, кеңес беру нәтижесінде оқушылар өз көкейлеріндегі сауалға жан – жақты жауап ала алды.



Сәуір айында 7-8 сынып оқушыларының мазасыздығын анықтайтын «Филлиппс»тесті алынды. Тестін қорытындысы бойынша оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.



9-10 сынып оқушыларымен «Емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек?» баяндама оқылды. Әр сыныппен тренинг жүргізілді.